



SYR

student jastar gazeti

TÚLEGI

1992 жылдың мамырынан бастап шығады

№8 (433) 5 мамыр, 2022 жыл

Q-NEWS

*СТУДЕНТТЕРДІҢ
ЖАҒАЛЫҚТАРЫ (2)

Q-LIFE

*СТУДЕНТТІК ӨМІР (3,8)

Q-EDUCATION

*ИНСТИТУТТАР
*БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ
*ІШКІ ГРАНТТАР МЕН
ЖЕҢІЛДІКТЕР (4-5)

Q-OFFICIAL

*Талапкер күнтізбесі
* РЕСМИ ПАРАҚШАЛАР (6)

Біздің-PRIDE

*УНИВЕРСИТЕТ
МАҚТАНЫШТАРЫ
*ЭКСКЛЮЗИВ КЕҢЕСТЕР (7)



Бейбіткүл КӘРІМОВА

Қорқыт Ата атындағы
Қызылорда университетінің
Басқарма Төрағасы-Ректоры

СЫР ТҮЛЕГІ!

Ал, достарым, мектепті бітіруге аз ғана уақыт қалды. 1 айдан соң маңызды ҰБТ, ал 2 айдан соң грантқа өтініш беру кезеңі, содан кейін ЖОО-ға түсесіздер. Осы уақытта қай оқу орнына түсемін, қандай мамандық жақсы, қай университетте өзімді тұлғалық дамытып, мықты маман боламын десеңіздер,



Сіздерді Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетіне шақырамын!

Құрметті мектеп бітіруші түлектер!

Сіздердің ҰБТ-дан сүрінбей өтіп, 85 жылдық тарихы бар Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің студенті атануларыңызға тілектеспін.

Студенттік өмір – оқумен қатар, креативті идеялардың, шығармашылық ізденіс пен шабытты бастаманың уақыты. Сондай-ақ, талантыңызды шыңдау арқылы үлкен жетістіктерге жету жолдарын көрсететін, әрі көшбасшылық пен белсенділікке, қиындыққа мойынсұнбауды үйрететін кезең.

Сіздерді біздің қатарымызға қосылуға шақырамын!

2021 жылы Қазақстанның Үздік ЖОО Ұлттық Рейтингісінде 8-орынды иеленген университетімізде 62 бакалавриат, 36 магистратура және 13 докторантура білім беру бағдарламасы бойынша мамандарды әзірлейміз.

Сонымен қатар, ең қызықты студенттік өмір мен сапалы білім ала отырып өз кәсібіңізді жасауға да керемет мүмкіндіктер жасаймыз.

Қазақстан бойынша ең жоғары стипендия ала отырып, қос дипломды бағдарлама мен сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлық бойынша да біліміңізді дамыта аласыз.

Ер жігіттер қай мамандыққа түспесін,

әскери кафедрада оқуға мүмкіндік алып, 4 жылдан соң дипломмен қоса «запастағы лейтенант» шенін беретін әскери билетке ие бола аласыздар.

Осындай керемет мүмкіндіктер беретін Университетіміз жылдан-жылға дамып, бізді таңдайтын талапкерлер саны ұдайы өсуде. Атап айтқанда, 2019 жылы – 1523 талапкер, 2020 жылы – 2525 талапкер университетке оқуға түссе, былтыр (2021 жылы) 3279 адамды оқуға қабылдаған екенбіз.

Құрметті, талапкерлер, Сіздерді бізбен бірге ҮЗДІК болуға шақырамыз!

Жандос ОРАЗМАХАНОВ,
Рекрутинг орталығының жетекшісі

УНИВЕРСИТЕТТІҢ 11 БІЛІМ ГРАНТЫ ТАБЫСТАЛДЫ

Қызылордада жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың облыстық кезеңі аяқталып, жеңімпаздар анықталды. Білімділер бәйгесінде топ жарып, Алтын медаль иеленген 11-сынып оқушыларына Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің 11 білім гранты бөлінді.

Облыстық кезең жаратылыстану-математика және қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 14 пән бойынша ұйымдастырылып, 389 оқушы білімдерін сынады.

Олимпиадада білім грантын иеленген мектеп бітіруші түлектер университетте таңдаған БББ бойынша тегін білім алатын болады.



СТУДЕНТТЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ – ЖАСАМПАЗДЫҚ БАСТАУЫ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде «Жаңа Қазақстан және студенттердің ғылыми шығармашылығы» атты XXIV ғылыми конференция өтті. Конференцияға ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректордың м.а. Абайбек Жүнісов қатысып, оқу орнында жас зерттеушілердің ғылыми ізденістеріне қолдау қарқынды екенін атап өтті.

– Университетте студенттерді ғылымға тарту жұмыстарына ерекше көңіл бөлініп келеді. Оларды сан-салалы инновациялық жобалар мен технологияларды игеруге, жаңа білім мен идеяларды жүзеге асыруға бейімдеу – басты мақсатымыз. Осыны ескеріп, университетте ақпараттық технологиялармен, үлкен деректер және жасанды интеллектпен жұмыс істеуге үйретілген бітірушілер санын арттыруға басымдық берілген. Сонымен қатар, білім алушыларды ғылыми зерттеу мен стартаптарға белсенді қатыстырып, қолданбалы зерттеулердің жаңа бағыттарын қолға алудамыз.

Қазіргі күні студенттерге инженерлік бейіндегі зертхана, Т.Д.Қуанышбаев атындағы Химия-биологиялық ғылыми білім беру орталығы, арнайы қондырғы-кешендермен жабықталған 60-тан астам оқу-ғылыми зертханалары қызмет етуде. Ғылыми кітапхананың қоры оқу-ғылыми әдебиетпен

тұрақты түрде толықтырылып, кең жолақты интернетке қосылған оқу залдары жұмыс істеуде, – деді Абайбек Талғатұлы.

Шарада студенттердің шығармашылығы мен жетістіктер көрмесі таныстырылды. Ал, пленарлық мәжілісте білім алушылар ғылыми-зерттеу жұмыстарының барысын баяндады.



«Q-ҚҰРАМАСЫ»

КОМАНДАСЫ ЖОҒАРЫ ЛИГАҒА ЖОЛДАМА АЛДЫ

Университеттің «Q-құрамасы» командасы республикалық «Маусымашар-2022» фестиваліне қатысып, бақ сынады.

Фестиваль аясында «Чемпиондар лигасы», «Jaidarman KIDS», «NON STOP.The best» сынды жайдарман ойындары ұйымдастырылды. Университет командасы редакторлық жұмыста «үздік» деп танылып, чемпиондар лигасында өнер көрсетті.

Бұдан бөлек өнерлі жастар «Salem Social Media» компаниясының Бас продюсері Қуат Садықовпен, Президент Әкімшілігі



басшысының орынбасары Аида Балаевамен кездесті. Танымал жайдарманшылардың қатысуымен өткен түрлі подкасттардың түсірілімін тамашалады.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ МЕМОРАНДУМЫНА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Бейбіткүл Кәрімова және «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесінің директоры Ғалымжан Орынов білім алушылардың кәсіптік практикасын өткізу, түлектерді жұмысқа орналастыру бағытындағы ынтымақтастық меморандумына қол қойды.



Тараптар Меморандумға қол қоя отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысымен бекітілген «Білімді ұлт. Сапалы білім беру» Ұлттық жобасының аясында Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің кадрларды даярлауда ықпал ететінін растап келісімге келді.

СТУДЕНТТЕР ӘЛЕМДІК СТАРТАП БАЙҚАУЫНДА БАҚ СЫНАДЫ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің студенттерінен құралған «Enactus» командасы халықаралық «Global Race to Rethink Plastic» байқауында TOP-48 тізіміне еніп, сайыстың II кезеңіне жолдама алды. Дүниежүзі стартаперлері бақ сынаған сайыста қазақстандық 3 жоба үздіктер қатарында. Команда жоба аясында күріш крахмалынан биополимер алып, ыдырайтын пластик түрін ойлап тапқан.

Жас кәсіпкерлерге арналған байқауға 35 елден 200-ге жуық команда қатысты. II кезеңнен өткен жобалар TOP-17, TOP-10 тізіміне іріктеліп, финалға шыққан командалар «ENACTUS» әлем чемпионатына қатысып, өз жобаларын қорғамақ. Бас жүлде 25 000 АҚШ долларын құрайды. Калифорнияда өтетін II кезеңнен жобалар TOP-17, TOP-10 тізіміне іріктеліп, финалға шыққан командалар «ENACTUS» әлем чемпионатына қатысып, өз жобаларын қорғамақ. Бас жүлде 25 000 АҚШ доллары.



1-ші артықшылық



Президенттік стипендия иегері

Азамат АБИМОЛДА,

Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар, - деп дана халқымыз айтқандай, білім – жеңілмейтін қару, қараңғы түнде адастырмас жарық жұлдыз іспеттес. Ел Президенті өз жолдауында білімді ұрпақтың ел ертеңі үшін маңызын баса айтып, сол жолда барлық мүмкіндіктерді қарастыруды тапсырған. Осы мақсатта оқу үлгерімі жоғары, республикалық олимпиада, байқау жүлдегері атанған, ғылым жолында өз қолтаңбасын қалыптастыруға ниет еткен, мәдени және спорттық іс-шараларға белсене араласатын студент-

терге президенттік стипендия тағайындау туралы шешім қабылданды. Биыл Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің біршама студенті осы стипендия иегері атанды. Соның ішінде «Журналистика» мамандығының 3-курс студенті Азамат Абимолда да бар.

– Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің студенті болу – мен үшін мақтаныш. Университеттің білім алушыларға берер мүмкіндігі көп. Академиялық ұтқырлық бағдарламасы арқылы шетелдегі университеттерде білім алып, қос диплом бағдарламасымен екі жақты маман болып қалыптасуға мүмкіндік бар. Одан қалса, білікті ұстаздардан тәлім алып, үздік білімі үшін президенттік стипендия иегері атануына болады. Ол үшін барлық пәннен «Өте жақсы» оқып, GPA көрсеткіші бойынша жоғары орында болу талап етіледі. Президенттік

стипендия оқуда жетістіктері, мақалалары, ғылыми жобалары бар бірнеше студент ішінен тек лайықты деген жанға бұйырады. Бұл стипендия менің мақсаттарымның әрі қарай айқындалуына жол ашып, білімге деген құштарлығымды одан әрі оятты десем де болады.

Білімі арқылы қатарластарына үлгі көрсетіп отырған Азамат бүгінде «Халық» газетінің тілшісі. Болашақта қаламы қарымды, елі үшін аянбай еңбек етер журналист болу үшін, бүгіннен тәжірибе жинап бастапты. Адал еңбекпен мақсатқа жетуді қалайтын Азаматтан жақсы маман шығарына сенімдіміз.

ҚҰНДЫЗ ӘБУТӘЛПОВА
Журналистика мамандығының
3-курс студенті

2-ші артықшылық



“Бизнес-Старт” жастар кәсіпкерлігі орталығының жетекшісі

Жанарыс ТҮБЕКБАЕВ

Егер сіз университет қабырғасында білім ала жүріп, мықты кәсіп иесі болғыңыз келсе - біздің университетке түсуге кеңес беремін.

Себебі университетімізде 2017 жылдан бастап «Бизнес-Старт» жастар кәсіпкерлігі орталығы студенттердің тың идеяларын жүзеге асыруға және қаржыландыруға көмегін беруде.

Қазіргі таңда университеттің 44 студенті өз кәсібін ашып, жетістіктерге жетуде. Жалпы студенттердің жобаларға қатысып, жеңіп алған қаражат қоры 10 610 000 млн теңгені құрады. Оған қоса, орталықтың ұйымдастыруымен 2022 жылдың қыркүйек айынан бастап Қызылорда облысының 1960 жастары 23 семинар, 19 іс-шаралар мен жобаларға қатыстырылды.

Сіз де орталықтың беретін мүмкіндігін пайдаланып, түрлі шаралар мен бағдарламаларға қатысып өз армандаған кәсібіңізді бастай аласыз!

3-ші артықшылық



Әскери кафедра білім алып – лейтенант бол!

Айдос ЕЛШБЕК,
4-курс студенті

Әскерге барып, тек қатардағы жауынгер шенін аласың. Енді ойлан, университет қабырғасында білім ала жүріп, оқу бітірген шақта сен сол шенді әскерге бармай-ақ иеленсең, керемет емес пе?

Дәл осындай мүмкіндікті біздің университет береді. Білім ала жүріп, әскери кафедрада оқып запастағы лейтенант немесе запастағы офицер шенін қоса алып шығуға болады.

Мен «Ақпараттық жүйелер» білім беру бағдарламасының 4 курс студентімін. Қазіргі таңда университетте 0,5 штатта Рекрутинг орталығында жұмыс істеймін. Өзім университетте 2 жыл әскери кафедрада оқыдым. Енді әскери билет алуға толықтай мүмкіндігім бар.

4-ші артықшылық



Университеттің берер мүмкіндігі мол

Ақжайық ТӘЖІ,
3-курс студенті

Мен «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының 3-курс студентімін. Қазіргі таңда 3 стипендия иегерімін. Алғашқы курстан бастап оқуды үздік оқып, мемлекеттік стипендия иегері атандым. Екінші оқу жылында сабақ үлгерімім тіптен жақсы болып, белсенді студенттер арасында ерекше көзге түсіп, Президенттік стипендияны иелендім. Үшінші курсымда Елбасы Н.Назарбаев атындағы стипендияның конкурсына қатыстым. Ондағы негізгі талап ғылыми жобаларға қатысып, жүлделі орындардан көріну. Жетістіктерім мен сабақ үлгерімімнің жоғары болуы мені осы Елбасы стипендиясын ұтып алуыма көп көмегін тигізді. Қазіргі күні шамамен 177 000 теңге шәкіртақы аламын. Студент үшін бұл көп ақша. Бұл мен үшін үлкен жетістік.

5-ші артықшылық



Бізде білім алып, шетелдік диплом иегері бол!

Бекнұр ЖЕҢІС,
4-курс студенті

Мен қалам мен қағазын жанына серік еткен, билік пен халық арасындағы алтын көпірге айналатын болашақ тілшімін.

Оқуға түскендегі негізгі мақсатым – қазақ журналистикасында өз қолтаңбамды қалдыру еді. Университет қабырғасында білім ала жүріп, бір семестр өзге елде тәжірибе алмасуға мүмкіндіктер қарастырылғанын естідім.

Содан 2 курсымның 2 семестрінде Польша мемлекетінің, Лодзь қаласындағы “University of Lodz” университетінде академиялық ұтқырлық бағдарламасымен білімімді шындап келдім. Оқу соңында біліктіліктен өткенімді дәлелдейтін сертификат алдым. Бұл қос диплом бағдарламасы арқылы оқығаным дәлел. Білім аламын деген кез-келген студентке бар мүмкіндікті сыйлаған университетіме ерекше алғыс айтамын. Сені де қос диплом иегері атануға шақырамын!

6-ші артықшылық



Чемпиондар әлеміне қосыл

Олжас ОРАЗАЛҰЛЫ,
4-курс студенті

Мен «Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламасының 4-курс студентімін. Дзюдодан жеткен жетістіктерім өте көп. Мәселен, “Әлем чемпионы 2018”, “Азия чемпионы 2019” атағын алып келдім.

Сонымен қатар, Баку мен Ташкенттен Гран при жүлдесін және Әлем кубогын алдым.

Осы жетістіктерімнің арқасында университетімізде грантта оқимын. Сізде де осындай спорттан түрлі жетістіктер болса, университетте грантта оқуға мүмкіндігіңіз болады. Университет мақтаныштары қатарына кіріп, жұлдыз болуыңыз әбден мүмкін.

7-ші артықшылық



Ғылымға деген қызығушылығым – ұстазымнан

Сәкен ҚАНЖАР,
4-курс студенті

Киелі оқу ордасы - Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетіне оқуға түскен кезімнен-ақ білім мен ғылымға, көшбасшылыққа деген ынтам арта түсті. Оған себеп, университеттің жастарға беретін көптеген мүмкіншіліктері мен білікті профессор-оқытушылар құрамы. Маған берілген осындай мүмкіндіктердің бірі – ол еліміздің ең жас профессоры Нұрбол Аппазовтың шәкірті болу. Қазіргі таңда ағайымызбен бірге түрлі ғылыми жаңалықтар ашуға атсалысып, көптеген жобалар мен жетістіктерге жетіп жүрміз.

Ғылым саласындағы жетістіктеріме тоқталатын болсам, «Органикалық заттардың химиялық технологиясы» бағыты бойынша республикалық студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысында жүлделі І орынды, «Химия» пәнінен Халықаралық олимпиаданың І дәрежелі дипломын, студенттер арасындағы республикалық ғылыми жұмыстар байқауының І дәрежелі дипломын, «Science and business-2021» ІІІ Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының І дәрежелі дипломын иелендім.

2021-2022 оқу жылы

БАКАЛАВРИАТ

БББ топ№/	БББ топтарының атауы	№	БББ коды	БББ-ның атауы
B001	Педагогика және психология	1	6B01101	Педагогика және психология
B002	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	2	6B01202	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу
B003	Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі	3	6B01303	Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі
B004	Бастапқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау	4	6B01404	Бастапқы әскери дайындық
B005	Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау	5	6B01405	Дене шынықтыру және спорт
B006	Музыка мұғалімдерін даярлау	6	6B01407	Музыкалық білім
B007	Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау	7	6B01409	Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау
B009	Математика мұғалімдерін даярлау	8	6B01510	Математика
		9	6B01511	Математика-Информатика
B010	Физика мұғалімдерін даярлау	10	6B01582	Физика мұғалімдерін даярлау
		11	6B01513	Физика-Информатика
B011	Информатика мұғалімдерін даярлау	12	6B01514	Информатика
B012	Химия мұғалімдерін даярлау	13	6B01515	Химия
		14	6B01516	Химия-Биология
		15	6B01583	Химия (ағылшын тілінде)
B013	Биология мұғалімдерін даярлау	16	6B01517	Биология
B014	География мұғалімдерін даярлау	17	6B01518	География
B015	Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау	18	6B01619	Тарих
B016	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау	19	6B01721	Қазақ тілі мен әдебиеті
B017	Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау	20	6B01722	Орыс тілі мен әдебиеті
		21	6B01784	Орыс тілінде оқытылмайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті
B018	Шет тілі мұғалімдерін даярлау	22	6B01723	Шетел тілі: екі шетел тілі
B021	Орындаушылық өнер	23	6B02128	Дәстүрлі музыка өнері
B028	Хореография	24	6B02130	Хореография
B031	Сән, дизайн	25	6B02132	Дизайн
B034	Тарих және археология	26	6B02234	Археология және этнология
B036	Аударма ісі	27	6B02335	Аударма ісі
B037	Филология	28	6B02336	Қазақ филологиясы
B042	Журналистика және репортер ісі	29	6B03238	Журналистика (Телерадио)
B044	Менеджмент және басқару	30	6B04139	Мемлекеттік және жергілікті басқару
		31	6B04140	Экономика
B045	Аудит және салық салу	32	6B04141	Есеп және аудит
B046	Қаржы, экономика, банк және сақтандыру ісі	33	6B04143	Қаржы
B049	Құқық	34	6B04245	Құқықтану (Азаматтық-құқықтық)
		35	6B04246	Құқықтану (Қылмыстық-құқықтық)
B051	Қоршаған орта	36	6B05283	Экология және табиғатты пайдалану
B057	Ақпараттық технологиялар	37	6B06149	Ақпараттық жүйелер
		38	6B06150	Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету
B058	Ақпараттық қауіпсіздік	39	6B06152	Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері
B062	Электр техникасы және энергетика	41	6B07155	Электрэнергетика
B064	Механика және металл өңдеу	42	6B07158	Технологиялық машиналар және жабдықтар (сала бойынша)
B065	Автокөлік құралдары	43	6B07159	Көлік техникасы және технологиялар
B068	Азық-түлік өнімдерінің өндірісі	44	6B07260	Азық-түлік өнімдерінің технологиясы
B071	Тау-кен ісі және пайдалы қазбаларды өндіру	45	6B07261	Мұнай газ ісі
		46	6B07262	Тау-кен ісі
		47	6B07263	Геология және пайдалы қазбалар кенорындарын барлау
		48	6B07264	Пайдалы қазбаларды байыту
B074	Қала құрылысы, құрылыс жұмыстары және азаматтық құрылыс	49	6B07365	Құрылыс
		50	6B07366	Құрылыс материалдары, бұйымдары мен конструкцияларын өндіру
		51	6B07367	Инженерлік жүйелер және желілер
B075	Кадастр және жерге орналастыру	52	6B07368	Кадастр
		53	6B07369	Жерге орналастыру
B077	Өсімдік шаруашылығы	54	6B08171	Агрономия
B078	Мал шаруашылығы	55	6B08272	Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы
B082	Су ресурстары және суды пайдалану	56	6B08674	Су ресурстары және суды пайдалану
		57	6B08675	Жерді мелиорациялау, баптау және қорғау
B183	Агроинженерия	58	6B08773	Аграрлық техника және технология
B091	Туризм	59	6B11177	Туризм
B094	Санитарлық-профилактикалық іс-шаралар	60	6B11279	Өмір тіршілігінің қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау
B095	Көлік қызметтері	61	6B11380	Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру
B096	Әлеуметтік жұмыс	62	6B10276	Әлеуметтік жұмыс

МАГИСТРАТУРА

БББ топ.№	БББ топтарының атауы	№	БББ коды	БББ-ның атауы
M001	Педагогика және психология	1	7M01104	Педагогика және психология
			7M01102	Педагогика және психология (бейіндік)
M003	Пәнсіз мамандандырылған педагогтерді даярлау	2	7M01303	Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі
			7M01301	Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі (бейіндік)
M006	Музыка педагогтерін даярлау	3	7M01407	Музыкалық білім
M008	Кәсіптік оқыту педагогтерін даярлау	4	7M01409	Кәсіптік оқыту (Көркем еңбек және арнайы пәндер)
M010	Математика педагогтерін даярлау	5	7M01510	Математика
			7M01501	Математика (бейіндік)
M011	Физика педагогтерін даярлау	6	7M01512	Физика
			7M01502	Физика (бейіндік)
M012	Информатика педагогтерін даярлау	7	7M01514	Информатика
			7M01503	Информатика (бейіндік)
M013	Химия педагогтерін даярлау	8	7M01515	Химия
			7M01504	Химия (бейіндік)
M014	Биология педагогтерін даярлау	9	7M01517	Биология
			7M01505	Биология (бейіндік)
M016	Тарих педагогтерін даярлау	10	7M01619	Тарих
			7M01601	Тарих (бейіндік)
M017	Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтарын даярлау	11	7M01724	Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтарын даярлау
			7M01701	Қазақ тілі мен әдебиеті (бейіндік)
M018	Орыс тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау	12	7M01722	Орыс тілі мен әдебиеті
M019	Шетел тілдері педагогтерін даярлау	13	7M01723	Шетел тілі: екі шетел тілі
M056	Аударма ісі, ілеспе аударма	14	7M02335	Аударма ісі
M060	Филология	15	7M02336	Филология
M070	Экономика	16	7M04140	Экономика
			7M04101	Экономика (бейіндік)
M071	Мемлекеттік және жергілікті басқару	17	7M04139	Мемлекеттік және жергілікті басқару
			7M04102	Мемлекеттік және жергілікті басқару (бейіндік)
M072	Менеджмент және басқару	18	7M04141	Менеджмент
			7M04103	Менеджмент (бейіндік)
M073	Аудит және салық салу	19	7M04142	Есеп және аудит
			7M04105	Есеп және аудит (бейіндік)
M074	Қаржы, банк және сақтандыру ісі	20	7M04144	Қаржы
			7M04104	Қаржы (бейіндік)
M087	Қоршаған ортаны қорғау технологиясы	21	7M05247	Экология
			7M05201	Экология (бейіндік)
M094	Ақпараттық технологиялар	22	7M06148	Информатика
			7M06101	Информатика (бейіндік)
		23	7M06149	Ақпараттық жүйелер
			7M06102	Ақпараттық жүйелер (бейіндік)
		24	7M06150	Есептеу техникасы және бағдарламалармен қамтамасыз ету
			7M06103	Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (бейіндік)
M097	Химиялық инженерия және процестер	25	7M07153	Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы
			7M07101	Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы (бейіндік)
M099	Энергетика және электр техникасы	26	7M07155	Электр энергетика (Жанартпалы энергетика)
		27	7M07156	Электр энергетика (Электр технологиясы)
M103	Механика және металл өңдеу	28	7M07158	Технологиялық машиналар және жабдықтар (сала бойынша)
			7M07104	Технологиялық машиналар және жабдықтар (салалар бойынша) (бейіндік)
M124	Құрылыс	29	7M07365	Құрылыс
			7M07301	Құрылыс (бейіндік)
M125	Құрылыс материалдарының, бұйымдарының және құрастырылымдарының өндірісі	30	7M07366	Құрылыс материалдары, бұйымдары мен конструкцияларын өндіру
			7M07302	Құрылыс материалдары, бұйымдары мен конструкцияларын өндіру (бейіндік)
M131	Өсімдік шаруашылығы	31	7M08172	Өсімдік шаруашылығы
			7M08101	Агрономия (бейіндік)
M136	Автокөлік құралдары	32	7M08573	Аграрлық техника және технология
			7M08501	Аграрлық техника және технология (бейіндік)
M137	Су ресурстары және суды пайдалану	33	7M08674	Су ресурстары және суды пайдалану
			7M08601	Су ресурстары және суды пайдалану (бейіндік)
		34	7M08675	Жерді мелиорациялау, баптау және қорғау
			7M08602	Жерді мелиорациялау, баптау және қорғау (бейіндік)
M150	Санитарлық-профилактикалық іс-шаралар	35	7M11279	Өмір тіршілігінің қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау (Техносфералық қауіпсіздік)
			7M11201	Өмір тіршілігінің қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау (Техносфералық қауіпсіздік) (бейіндік)

ДОКТОРАНТУРА

БББ топ	БББ топтарының атауы	№	БББ коды	БББ-ның атауы
D001	Педагогика және психология	1	8D01101	Педагогика және психология
D003	Пәнсіз мамандандырылған педагогтерді даярлау	2	8D01303	Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі
D014	Биология педагогтерін даярлау	3	8D01517	Биология
D013	Химия педагогтерін даярлау	4	8D01513	Химия
D010	Математика педагогтерін даярлау	5	8D01510	Математика педагогтерін даярлау
D011	Физика педагогтерін даярлау	6	8D01511	Физика педагогтерін даярлау
D017	Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау	7	8D01721	Қазақ тілі мен әдебиеті
D070	Экономика	8	8D04140	Экономика
D071	Мемлекеттік және жергілікті басқару	9	8D04139	Мемлекеттік және жергілікті басқару
D124	Құрылыс	10	8D07365	Құрылыс
D125	Құрылыс материалдарының, бұйымдарының және құрастырылымдарының өндірісі	11	8D07366	Құрылыс материалдары, бұйымдары мен конструкцияларын өндіру
D131	Өсімдік шаруашылығы	12	8D08171	Агрономия
D137	Су ресурстары және суды пайдалану	13	8D08675	Жерді мелиорациялау, баптау және қорғау

**УНИВЕРСИТЕТТІҢ
ІШКІ ГРАНТТАРЫ МЕН
ЖЕҢІЛДІКТЕРІ –
2022-2023жж:**

100% жеңілдік:

- 1) Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға және «Атамекен» отбасы үлгісіндегі балалар ауылының түлектеріне;
- 2) ҰБТ-ның пәндері бойынша олимпиада жеңімпаздарына (бір оқу жылына беріледі, студент үлгерімі «Өте жақсы» (А,А-), «Жақсы» (В+,В,В-,С+) болған жағдайда ұзартылады);
- 3) 8-11(12) сынып оқушылары арасынан дарынды жастарды университетке тарту мақсатында халықаралық, республикалық, облыстық, қалалық және аудандық байқаулардың (ғылыми-инновациялық жобалар конкурстары, пәндік олимпиадалар, зияткерлік сайыстар, өнер, шығармашылық байқаулары және т.б.) жеңімпаздарына, жүлдегерлеріне және үздіктеріне (бір оқу жылына беріледі, студент үлгерімі «Өте жақсы» (А,А-), «Жақсы» (В+,В,В-,С+) болған жағдайда жалғасады);
- 4) Спорт саласы бойынша Әлем және Азия чемпиондарына.

50% жеңілдік:

- 1) Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, қамқорлыққа алынған студенттерге;
- 2) I және II топ мүгедек студенттерге;
- 3) «Алтын белгі», «Үздік аттестат» иегерлеріне I курста, келесі курстарда (2,3,4) оқу үлгерімі «өте жақсы» болған жағдайда ұзартылады;
- 4) Спорт саласындағы Халықаралық деңгейдегі чемпиондарға (1 орын) - (1-ші оқу жылына, жыл сайын жарыстарда жетістіктерін дәлелдеген жағдайда ғана ұзартылады).

25% жеңілдік:

- 1) ҰБТ нәтижесінде кем дегенде 100 бал жинаған түлектерге (бір оқу жылына беріледі, студент үлгерімі «Өте жақсы» (А,А-), «Жақсы» (В+,В,В-,С+) болған жағдайда жалғасады);
- 2) Университет қызметкерлеріне (еңбек өтіліне 3 жылдан асқан) және олардың балаларына (университеттегі еңбек өтілімі 3 жыл болуы тиіс) – 25%, (егер бір отбасында ақылы негізде бірнеше студент оқыса, жеңілдік әрқайсысына беріледі);
- 3) Ата-анасының екеуі де (немесе жалғыз ата-анасы) мүгедек студенттерге;
- 4) Көпбалалы отбасынан шыққан (балалары 23 жастан аспаған жағдайда) студенттерге, (егер бір отбасында ақылы негізде бірнеше студент оқыса, жеңілдік әрқайсысына беріледі) – бір оқу жылына беріледі, студент үлгерімі «Өте жақсы» (А,А-), «Жақсы» (В+,В,В-,С+) болған жағдайда;
- 5) Қоғамдық жұмыстарға белсенді қатынасқан білім алушыларға (2 курстан бастап, бір оқу жылына).
- 6) Спорт саласындағы жетістіктер үшін:
 - Халықаралық деңгейдегі 2 және 3 орын (1-ші оқу жылына, жыл сайын жарыстарда жетістіктерін дәлелдеген жағдайда ғана ұзартылады)

10% жеңілдік:

- Спорт саласындағы жетістіктер үшін:
- Республикалық деңгейде 2 және 3 орын жүлдегерлеріне (1-ші оқу жылына, келесі жылға чемпион атағын сақтап қалған жағдайда ғана ұзартылады);
- 1) Шетелдік азаматтарға, сонымен қатар шекаралас шетел мемлекеттерінің ұлты қазақ азаматтарына – 100%, 50%, 25% (бір оқу жылына арнайы конкурс нәтижесі бойынша)



#Маған_Хабарлас!

+7 702 876 24 40

**ТАЙМАН САФАТ
ТАМШЫБАЙҰЛЫ**

**Гуманитарлық-педагогикалық
институтының директоры**

- Тарих кафедрасы;
- Шетел тілдері және аударма;
- Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика;
- Орыс тілі және әдебиеті;
- Педагогика және психологиялық білім беру және оқыту әдістемесі;
- Практикалық ағылшын тілі кафедраларында даярланатын мамандықтары бойынша.



#Маған_Хабарлас!

+7 701 333 10 26

**ҚОСАНОВ САМАЛБЕК
ОРАЗБАЙҰЛЫ**

**Жаратылыстану институтының
директоры**

- Физика және математика;
- Биология, химия және география;
- Дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық;
- Информатика және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар;
- Дене тәрбиесі кафедраларында даярланатын мамандықтары бойынша.



#Маған_Хабарлас!

+7 777 283 89 38

**БАЙУЛОВ ҒАНИ
БЕКХОЖАҰЛЫ**

**Дәстүрлі өнер институтының
директоры**

- Дәстүрлі музыка өнері және хореография;
- Сәндік қолданбалы және бейнелеу өнері кафедраларында даярланатын мамандықтары бойынша.



#Маған_Хабарлас!

+7 701 412 75 39

**КУЛМЫРЗАЕВ НҰРЛАН
СЕРІКҰЛЫ**

**Экономика және құқық институтының
директоры**

- Экономика және менеджмент;
- Қаржы, есеп және аудит;
- Құқықтану;
- Философия және әлеуметтік гуманитарлық пәндер кафедраларында даярланатын мамандықтары бойынша.



#Маған_Хабарлас!

8 (7242) 23-55-12

**АСҚАРОВА ГҰЛЗАТ
ШӘКІРБЕКҚЫЗЫ**

**Инженерлі-технологиялар институтының
директоры**

- Аграрлық технологиялар;
- Сәулет және құрылыс өндірісі;
- Су шаруашылығы және жерге орналастыру;
- Компьютерлік ғылымдар;
- Инжинирингтік технологиялар және экология;
- Электрэнергетикасы және өміртіршілік қауіпсіздігі;
- Математика және қолданбалы механика кафедраларында даярланатын мамандықтары бойынша.

**Оқуға қажетті
құжаттар тізімі:**

1. Аттестат немесе диплом қосымшасымен (түпнұсқа)
2. Жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі
3. 3x4 көлеміндегі 6 сурет
4. 075-У нысанындағы электронды медициналық анықтама
5. Мемлекеттік білім гранты тағайындалғаны туралы электрондық куәлігі (ол болған жағдайда)
6. ҰБТ электрондық сертификаты
7. Вedomстан үзіндіні (арнаулы және (немесе) шығармашылық дайындықты талап ететін, оның ішінде Педагогикалық ғылымдар білім беру бағдарламаларына түсушілер үшін)
8. Құжат тігілетін папка, конверт

**Сіз үшін маңызды
қаталар:**

1. Шығармашылық даярлықты талап ететін білім беру бағдарламаларына өтініштер 20 маусым мен 7 шілде аралығында қабылданады;
2. Шығармашылық емтихандар 8-13 шілде аралығында өтеді;
3. Педагогика ғылымдарының білім беру бағдарламасы бойынша арнайы емтихандарды тапсыруға өтініштер 20.06-14.08 аралығында қабылданады;
4. Мемлекеттік білім гранттарын тағайындау конкурсына қатысуға өтініштер 13-20 шілде аралығында қабылданады;
5. Күндізгі бөлімге студенттерді ақылы негізде қабылдау 1 ақпан мен 25 тамыз аралығында жүзеге асырылады.

ЕСКЕРТУ: Барлық өзгерістер туралы университеттің «Рекрутинг» орталығының әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларынан Instagram: @recruiting.qorqut, Facebook: «Рекрутинг Орталығы Қорқыт Ата» және қабылдау комиссиясынан біле аласыздар!

БІЗБЕН БАЙЛАНЫС

Instagram: @korkyt_ata_university

Facebook: «Рекрутинг Орталығы Қорқыт Ата»

Telegram: KORKYT ATA UNIVERSITY / Талапкер-2021

TelegramBot: TALAPKER_KORKYT_BOT / @recruiting_center_bot

YouTube: Recruiting.Qorqut

WhatsApp: +7 776 538 88 99

1. Өмір кітабының ең қызықты беттері студенттік кезде жазылады дейді... Келісесіз бе ?
2. Қандай студент болдыңыз? Студенттік шақтың қызықтарымен бөліссеңіз...
3. Сіздің мықты маман болып қалыптасуыңыз – ұстаздарыңыздың еңбегі десек бола ма?



**ӘЙГЕРІМ
ЕСЕНӘЛІ,
тележүргізуші:**

1. Студенттік кезең – махаббаттың да алғашқысын, таныстықтың да алғашқысын сезіндіретін, эмоцияға толы тәтті

кезең. Менің де студенттік шағым - Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің қабырғасында өтті. Білікті мамандардан тәлім-тәрбие алып, бүгінде қоғамда өз орнымды табуда университеттің еңбегі зор.

2. Мен гипербелсенді студент болдым. Білім алып қана қоймай, сол шақта қосымша жұмыс атқардым. Шығармашылығымның бастауы болған «Қазақстан-Қызылорда» телеарнасында «17 жастар» бағдарламасын жүргіздім. Одан соң, «Дене шынықтыру және спорт» басқармасында баспасөз хатшысы қызметін атқардым. Оқушылар сарайында жас журналистерге арналып ашылған алғашқы курстың ұстазы болдым.

3. Мен өзімді филолог ретінде мықты маман деп есептемеймін. Себебі, ол салада қызмет етіп көрмедім. Ал, журналистика саласында сыңа ұшырамай жүрген журналистердің қатарындамын. Қазақ журналистикасының қаранары Қайнар Олжайдың қателескен журналистерді жазып отыратын қара дәптері бар. Сол кісі өткенде «Әйгерім, сені бірде-бір рет жазбадым-ау, осы», - деп мақтап жатыр. Соның бір шегі осы ұстаздарымның арқасы деп білемін. Білікті мамандарға толы білім ордасы Алаш жұртын алға жетелер білімді ұрпақтардың әлі талайын түлетері сөзсіз.



**ҚАМШЫБЕК
ҚОҢҚАБАЕВ,
кәсіпқой боксшы:**

1. Студенттік кез – балалықпен қоштасып, болашаққа мақсат құрып, жолыңды айқындайтын кез деп білемін. Белгілі бір салаға машықтанып,

оның қыр-сырын ұқсам екен деп ниет етіп жүрген тәтті кезең. Менің өмірімнің де осы тәтті кезеңінің ерекше естеліктері тарих беттерінде таңбаланып тұр. Әскерден келген соң, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Құқықтану» мамандығына оқуға түстім. Одан соң, сырттай оқу негізінде «Дене шынықтыру және спорт» мамандығын игердім.

2. Өз қатарластарыммен оқымағаннан болар, өте тыныш студент болдым. Бар уақытымды, бар ынтамды спортқа арнаған студенттер қатарынанмын. Реті келсе сабақтан қалмауға тырысатынмын. Кейде жаттығулармен, жарыспен сыртта жүремін. Бірақ, жіберген сабақтарымнан міндетті түрде қосымша тапсырмалар алып, өз еңбегіммен бағалануды құп көретінмін.

3. Әрине, менің осындай биік жетістіктерге жетуіме бірден-бір себепші – менің ұстаздарым. Осы тұрғыда оқу-жаттығу жиындарына кеткенімде, жарыстарда түсіністікпен қарап, қолдау көрсеткен барша ұстаздарыма алғыс айтамын. Білім ордасы сапалы білім беріп қана қоймайды, жастардың спортпен шұғылданыуына, өзін дамытуына бар мүмкіндіктерді қарастырады. Жас спортшыға білім ордасынан берілер көмек, қолдау қашан да маңызды.



**ТОЛҚЫН
ҚАБЫЛША,
ақын, «Qyzylorda»
телеарнасының
журналисі:**

1. Мен өмірді шексіз сүйетін адаммын. Өмірдің әрбір мезетінен бір ғанибет сезініп жүремін. Мен үшін сол жылдардың

елесі ақындық жолың қуып, өз қолтаңбамды қалыптастыруға ұмтылған, шарқ ұрып, жан дүниендегі құбылысты толыққанды сезініп, мойындап үлгермеген жылдардың еншісімен сабақтастырамын. Біз білім алған жыл белгілі ғалым Бағдат Кәрібозұлының, қаламгер Бауыржан Омаровтың, Руслан Рүстемовтің мұғалім ретіндегі өзіндік еншісі қалған жылдармен тұспа-тұс келді. Сондықтан нағыз жаңашыр, новатор ұстаздардың рухын сезініп жүрдік.

2. Менің болмысыма тән бір ерекшелігім – ол менің ақындығым. Университет қабырғасында үнемі поэзия кештерінде жыр оқитынмын. Және сол жырларымның өміршендігіне сеніммен қарап, әр кешке рухтанып баратынмын. Негізі, қолынан кітабы түспейтін, сабақты жақсы оқыған, үнемі ізденісте жүретін студенттер қатарынан болдым.

3. Бізді тағылымға жетелеп, ұлттық сөз өнеріне деген құрметімізді арттырған, журналистика мамандығының өзіне тән жауапкершілігін, қиындығын сезіндірген әрбір ұстазға алғысым шексіз. Фундаменті сонау ертеректе қалыптасқан, тарихымызбен сабақтас, ұлт зиялыларын қалыптастырған, өмір мектебін де тәрбиелеген іргелі білім ошағы ретінде менің өмірімде айшықты орны болып тұрары кәміл.

Сұқбаттасқан: Аида БАТУХАН

ЭКСКЛЮЗИВ КЕҢЕСТЕР

Сіздерге айтарым, ең бастысы – ол Сізге қойылатын баға емес, қағаз емес, біреудің сөзі мен Сізге жасайтын іс-әрекеті емес. Ең маңыздысы – ол өзіңіздің жүрегіңіздің қалауы.

Сондықтан қандай баға болмасын, қандай нәтиже болмасын – арманға ұмтылу керек!

Менің өзімнің мансабымда, жолымда, мектепте де мен әрқашан білдім шығармашылық адам екенімді.



Әлі күнге шейін арманымның артынан еріп жүрмін.

Сіздер де ешқандай бағаға, біреудің пікіріне мән бермей тек қана жақсылықпен, жақсы қадамдармен жүрсеңіз – Сізде міндетті түрде барлығы жақсы болады.

Сондықтан, тек қана алға. Қандай қиыншылық болмасын – құламаңыздар, құласаңыздар – ізденіңіздер, оқыңыздар, білімді болыңыздар. Менен жалынды сәлем!

Жастардың сүйікті әншісі
Әмре (Ернар Садырбаев).



Мамандық таңдауда қателеспеңіздер. Өзіңіздің жақсы көретін, дұрыс мамандықты таңдаңыздар. Барлығы өзіңіздің қолыңызда. Қорқыныш дейтін сезім болмаса, біз кез-келген нәрсені жасай аламыз. Сол себепті қорқыныш дегенді алып тастаңыздар. Сол кезде ғана

Сіздер армандарыңызға жетесіздер.

ҰБТ-ға қандай да бір уайымсыз кіріңіздер. Дайындалғандардың өздері де өтпей қалып жатады, оны бәріміз көріп-естіп жүрміз. Сондықтан да жақсылап дайындалыңыздар, білім алыңыздар, өзіңізге сенімді болыңыз. Білім сол жерде өзі көрсетеді, «алма кетті домалап» деп жасамаңыздар. Кезінде бізге сабақ оқы дегенде оқымап едік, кейін өкіндік.

Өзімнің әнімдегі сөздерден айта кеткім кеп тұр: «Берілмеймін, тоқтамаймын, жетемін мен арманға. Арманыңа жетесің, уайымдама досым, жаңа өмір алдыңда, АРМАНДА!» деп Сіздерге шамалы күш бергім келеді.

Қорқыт Ата университетін таңдаңыздар, соған түссеніңіздер еш өкінбейсіңіздер! Тек алға!

Жастардың сүйікті әншісі
Қанай.

Сіздерге ҰБТ-ға баруларыңызға кеңес береміз. Ешқандай стресске бет бұрмаңыздар. ҰБТ – бұл өмірдегі сынақтардың бірі ғана. Алдарыңызда Сіздерді керемет өмір күтіп тұр.

Миллион командасы Сіздерге ҰБТ-дан жоғары балл жинауға тілектес. Егер жинай алмай қалсаңыз ешқандай уайымдаудың қажеті жоқ. Бастысы



мамандық таңдаудан қателеспеңіздер. Жүректеріңіз нені қалайды – соны таңдап, қолдарыңыздың икеміне не келеді – соны алып шығыңыздар. ҰБТ баллы ештеңені шешпейді, бастысы – ізденімпаздық пен еңбек. Еңбек – бәрін жеңбек.

Әрқайсыңыз өз салаңыздың үздігі болыңыздар, барлықтарыңызға сәттілік!

Жастардың сүйікті --
«Миллион командасы».

Сұқбаттасқан: Құндыз Алтыруова

КӨТЕРІҢКІ КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫНДА – СТУДЕНТТІК ӨМІР!

ЖАСТАР ҰЙЫМДАРЫ

«Жас Отан» жастар қанаты - сапалы білім алуға ынталы, өзінің және елінің болашағы үшін жауапкершілікті терең сезіне отырып, біздің құндылықтарымыз бен қағидаттарымызға ортақтасатын әрбір жас қазақстандық патриоттың мүддесін білдіру және қолдау.

«Ұлағат ұлдары» - облысымыздағы педагог бағытында білім алып жатқан студенттерді жаз мезгілінде облыс аумағындағы балаларды тынықтыру- сауықтыру лагерьлерінде тәжірибе жинақтау үшін және қосымша жұмыспен қамту үшін дайындық курстарынан өткізу.

«Ақиқат» саяси пікірсайыс клубы мемлекеттің ары қарай дамуы үшін өз болмыс-бітімін, ана тілін, ұлттық рухын, намысын сақтап қалу, бүгінгі қоғамның ашындыратын мәселелерін талқылап, жастардың бойындағы патриоттық сезімін күшейту, студенттер арасындағы достық сезімді нығайта отырып, оларды қоғамдағы әлеуметтік маңызы бар мәселелерді шешуге шақыруды мақсат етеді.

«Кибер» жасақ клубы - бүкіл әлемде болып жатқан терроризм мен экстремизмнің алдын-алу мақсатында құрылған. Бұл ұйым Ұлттық Қауіпсіздік комитетімен бірігіп жұмыстар атқаруда.

«Қорқыт жастары» жайдарманшылар ұйымы - көңілді тапқырлар алаңы. Көрермендерге қоғамда орын алған кемшіліктер туралы әзіл түрінде айту, жастардың шығармашылық әлеуетін арттыру, сахна мәдениетін тәрбиелеу, қоғамда өзін ұстай білуді дамыту, жауапты азаматтарды тәрбиелеу.

«Қыз Жібек» қыздар клубы - тарихи дара тұлға арулардың ерекше қасиеттерін талдау арқылы қазақ қызының жиынтық бейнесін қалыптастыру. Болашақ ұлт анасы ретінде қыздарды отбасы өміріне даярлау, салт - дәстүрді дәріптеп, жүзеге асыруға баулу, үй шаруашылығына қатысты өмірлік қажеттілік дағдысын қалыптастыру.



«Қазақстан Студенттері Альянсы» – ҚСАН-ның қоғамдық белгілілігін студент жастарының құқықтық, әлеуметтік-экономикалық және тұрмыстық мәселелерін нақты шешуші және тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуына белсенді қатысушы ұйым.

«Book club» ұйымы – еліміздің студент жастарының арасынан үздіктер санын көбейту, студент жастар арасында кітап оқуды әдетке айналдыру, студент жастардың ой - санасын жетілдіру.

«Enactus» ұйымы – ENACTUS – әлемнің 35 елінде көшбасшылық пен кәсіпкерлікті үйрететін тәжірибеге бағытталған ең үлкен платформа. Жыл сайын ENACTUS университеті мен мектеп бизнес командалары ұлттық кубокта 100-ден астам жобаларды ұсынады.

«Good Deed» еріктілер ұйымының мақсаты – жастардың бойына қайырымдылық пен ізгіліктің дәнін себу, олардың бойында белсенді өмірлік ұстанымдарға қатысты дағды қалыптастыру, қоршаған ортаға қамқорлық көрсету, мұқтаждарға көмек беріп, ізгілік жолында жастардың өз ізін қалдыруы болып отыр.

«Сырлы қалам» жас ақындар ұйымы – жастардың кітапқа, әдебиетке, шығармашылыққа деген қызығушылығын арттыру, көпшілік алдында еркін сөз саптау мәдениетін қалыптастыру, қазақ тілін насихаттау, жас ақындарға қолдау білдіріп, жастарды көркем шығармаға баулу.



Құрылтайшы: Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тексеріліп, №331-Г куәлігі берілген.

Бас редактор:
Қ.Ә.Омаров

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Б.С.КӘРІМОВА - Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры
А.Т.ЖҮНІСОВ - Ғылым және халықаралық байланыстар жөніндегі проректордың м.а.
Ж.Н.БАЗАРТАЙ - әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор
Ғ.Ә.ТҰЯҚБАЕВ - университет профессоры

Газет тілшілері:

Аида БАТЫРБЕКҚЫЗЫ
Қундузай КАЗЫБЕКОВНА
Айдана МАРАТҚЫЗЫ

SYR TULEGI
student jastar gazeti

Жарияланған мақаладағы автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді. Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды. «Сыр түлегіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуға міндетті.